

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды хабарлау тәртібі және мемлекеттік есептеуді жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 7 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 16 мамыр тіркелді. Тіркеу N 308. Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 469 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкіміне с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кен қадағалау комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

Министр

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кен қадағалау комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

2. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды хабарлау және жүзеге асыру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 7 қаулысы...

Қазақстан Республикасының "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" заңына сәйкес халықты және ұйымдарды болжамдағы және пайда болған төтенше жағдайлар, олардың алдын алу және жою шаралары туралы жариялау мен хабарлау халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық объектілерін төтенше жағдайлардан қорғаудың негізгі принциптерінің бірі болып табылады.

Ұйымдар, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, белгіленген тәртіп бойынша хабар беруге, жұмысшылар мен халықты төтенше жағдайлардың қауіп-қатері төніп тұрғаны және пайда болуы туралы құлақтандыруға міндетті.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы хабарларды жасыруына, уақытысында ұсынбауына немесе лауазымды адамдар біле тұра әдейі жалған хабарлар ұсынуларына жол берілмейді.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы хабарларды жасыруына, уақытысында ұсынбауына немесе лауазымды адамдар біле тұра әдейі жалған хабарлар ұсынуларына жол берілмейді.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есептеу мақсатында Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Төтенше жағдайлардың критерийлері бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі хабарларды ұсыну тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

3. Ұйымдар, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі хабарларды ұсыну тәртібі туралы Ережеге сәйкес төтенше жағдайдың қауіп-қатері төніп тұрғанын немесе пайда болған 1 сағат ішінде хабар беруге, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтық органдары, жұмысшылар мен халықты төтенше жағдайлардың қауіп-қатері төніп тұрғаны немесе пайда болғаны туралы құлақтандыруға міндеттенсін.

4. Орталық атқарушы органдары төтенше жағдайларға әкеп соққан авариялардың, апаттардың және зілзалалардың есебімен қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі хабарларды ұсыну тәртібі туралы Ережеге сәйкес мәліметтер ұсынсын.

5. Ішкі істер министрлігінің оперативтік кезекшілері, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің бас диспетчерлік пункті, Көлік және коммуникациялар министрлігінің бас диспетчерлік пункті, Алматы қалалық өртке қарсы қызметі, Республикалық мемлекеттік автоинспекциясы, Алматы қалалық жедел көмегі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің оперативтік кезекшісіне күн сайын сағат 6-дан 7-ге дейін жағдай туралы баяндама ұсынсын.

6. Ішкі істер министрлігінің оперативтік кезекшілері мен оның облыстық басқармалары, Қорғаныс министрлігі, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің бас диспетчерлік пункті мен облыстық басқармалары, Көлік және

коммуникация министрлігінің бас диспетчерлік пункті мен облыстық басқармалары, облыстық қалалардың өртке қарсы қызметтері, Республикалық мемлекеттік автоинспекциясы, облыстық қалалардың жедел көмектері төтенше жағдайдың қауіп-қатері төніп тұрғаны немесе пайда болуы туралы белгі алғаннан бастап 15 минут ішінде ол туралы аумақтық органдар мен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппаратына хабар берсін.

7. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13 және 16 тарауларына сәйкес, облыс және Алматы қаласының әкімдері, Төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық, Алматы қалалық б а с қ а р м а л а р ы :

әр тоқсанның бірінші онкүндігінде халықты осы аумақтағы қауіп факторларының мүмкіндігі туралы, төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары және олардан қорғану туралы хабарлауды ұйымдастырсын;

халықты төтенше жағдайдың пайда болуы (Төтенше жағдайлардың критерийлеріне сәйкес) оның пайда болғаннан кейін 1 сағат ішінде, кейінгі зардаптарының анықтамасымен және оны жою жөніндегі жасалып жатқан шаралар туралы хабарлауды қамтамасыз етсін.

8. ҚСРО Азаматтық қорғанысы Бастығының 1988 жылғы 29 наурыздағы N 12 бұйрығының күші жойылған деп есептелсін.

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің

төрағасы

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің
1997 жылғы 24 наурыздағы
N 7 Қаулысымен бекітілді

**Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою
жөніндегі хабарларды ұсыну тәртібі туралы
Е Р Е Ж Е**

1. Нақты Ереже төтенше жағдайлардың (ТЖ) пайда болуының қауіп-қатері туралы, пайда болуы және жою туралы хабарларды ұсыну тәртібін белгілейді.

2. Төтенше жағдайдың пайда болуының қауіп-қатері туралы және пайда болуы туралы хабар, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен белгіленген Төтенше жағдайлардың критерийлеріне

с ә й к е с

б е р і л е д і :

- кәсіпорындар мен ұйымдардан, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан - ТЖМК аумақтық органдары мен ведомстволық а у м а қ т ы қ о р г а н д а р ы н а ;

- ведомстволық аумақтық органдардан - ТЖМК аумақтық органына және лайықты ведомствоның орталық аппаратына;

- ТЖМК аумақтық органынан - ТЖМК орталық аппараты мен жергілікті а т қ а р у ш ы о р г а н д а р ы н а .

Одан басқа, аумақтық және глобальды ауқымда төтенше жағдайдың пайда болуының қауіп-қатері немесе пайда болуы кезінде хабар беріледі:

- ТЖМК аумақтық органдарынан - төтенше жағдайлардың трансшекаралық тарауы кезінде Қазақстан Республикасының көршілес аумақтарына;

- орталық ведомстволық аппараттардан - ТЖМК орталық аппаратына;

- ТЖМК орталық аппаратынан - Қазақстан Республикасының Үкіметіне, әскери қолбасшылар органдарына, жақын және алыс шет елдерге, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекетаралық кеңеске.

3. Төтенше жағдайдың пайда болуының қауіп-қатері немесе пайда болған кезде хабарландыру сигналдары мен ТЖ алдын алу және жою жөніндегі Мемлекеттік жүйесінің күш пен құралдарға басқару командасының бұйрықтары ТЖМК орталық аппараттарынан аумақтық органдарына, ведомстволық ұйымдарға және жергілікті атқарушы органдарға беріледі.

ТЖМК аумақтық органдары төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық комиссияларын ірі масштабты төтенше жағдайдың пайда болуының қауіп-қатері туралы немесе пайда болуы туралы дереу хабарлайды, жергілікті атқарушы органдармен және ТЖ жөніндегі комиссиялармен біріге отырып, халыққа көп таралымды құралдар немесе қажет болған жағдайда хабарлау жүйесін іске қосу арқылы, хабар беру туралы шешім қабылдайды.

Хабарлар формальді мәліметтер түрінде беріледі, ал белгіленген формасы болмаған жағдайда - еркін түрде.

4. Төтенше жағдайлар туралы хабарлар компьютераралық торап желі бойынша, ал олар болмаған немесе бұзылған жағдайларда - телеграф, телефон, радиожелімен кейінгі уақытша мінездемелерімен беріледі:

глобальды, аймақтық және жергілікті масштабтағы төтенше жағдайлардың пайда болуының қауіп-қатері болып тұрған немесе пайда болуы туралы жедел хабары (мәліметтері), жарылғыш заттардың табылуы, төтенше жағдайлардың алдын алу күштері мен құралдарына жедел басқару жөніндегі хабарлар, басқа жедел хабар - қоса беріліп отырған ТЖ-1 нысаны бойынша - шапшаң;

төтенше жағдайлар кезіндегі жағдайдың дамуы туралы және оларды жою жөніндегі істеліп жатқан жұмыстар туралы анықталған хабар кейінгі 30 минут

і ш і н д е ;

анықталатын мәліметтер - авариядан соң құтқару жұмыстарын өткізу кезінде, егер одан басқа ерекше ескертілмеген болса, 2 сағат мерзімде;

анықтама мәліметтері - анықтама хабарға сұрау салу кезінен бастап 1 сағаттан кешіктірілмей;

төтенше жағдайларды жою жөнінде өткізіліп жатқан жұмыстар кезіндегі бір күндік оқиғалар туралы жинақталып қорытындыланған хабар, радиациялық, химиялық, биологиялық және гидрометеорологиялық жағдай туралы жедел емес (тығыз емес) мазмұнды туралы мерзімді фонолық хабар - күн сайын 7.30 бен 16.00 сағаттарында (ТЖМК Төрағасының ерекше өкіміне дейін);

төтенше жағдайлар аумақтарындағы табиғат орталығының жағдайы және элеуметті қауіп объектілер туралы хабар және мазмұны жедел емес басқа хабарлар түрлері - белгіленген регламент бойынша;

сейсможағдай туралы хабар - 8.00 мен 20.00 да, ал қауіпті мерзімде (жоғары дайындық тәртібі) әр 3 сағат сайын;

гидрометеорологиялық құбылыстар бойынша хабар - күн сайынғы болжам 17.00 де, дауыл ескертулері - қауіпті метеорологиялық құбылыстардың пайда болуының қауіп-қатері болып тұрғанда немесе табиғат орталығының улы заттармен ластанған жағдайында - дереу;

облыстар аумақтарында өткен төтенше жағдайлар бойынша анықталған материалдық залал туралы хабар - қоса беріліп отырған ТЖ-2 түрі бойынша әр тоқсан сайын келесі айдан 10 жұлдызына дейін;

санитариялық-эпидемиологиялық жағдай және медико-санитарлық зардаптары туралы хабар - күн сайын 7.30 бен 15.30 да.

5. ТЖМК ТЖ саласындағы арнайы өкілетті мемлекеттік орган ретінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың мемлекеттік есебін іске асырады, болып өткен төтенше жағдайларға сараптама өткізеді, мәліметтердің автоматтандырылған банкін жүргізеді, ТЖ мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың шешімдеріне хабар-ақпараттық, статистикалық талдауды қамтамасыз етуді ұйымдастырады, төтенше жағдайлар саласында хабарлар берудің тәртібі мен нысанын белгілейді.

6. Төтенше жағдайлардың іс жүзіндегі критерийлерімен ескерілмеген, төтенше жағдайлар туралы хабарларды басқару органдарына жіберу қажеттігі туралы шешім, нақты жағдайда оның маңыздылығын ескере отырып, хабар дерегімен қ а б ы л д а н а д ы .

7. Төтенше жағдайлар туралы хабар, белгіленген тәртіппен жаңалықтарға қол қою құқығы берілген адамдардың қолымен беріледі. Хабарға қол қойған адам, берілген хабар үшін толық жауапкершілікті мойнына алады.

Ерекше жағдайларда, жедел хабар беруге қажет кезінде, келешекте қол қоюға

құқықты лайықты лауазымды адамның хабарды растауымен, жедел қызметтің жоғары лауазымды адамымен хабарға қол қоюына болады.

8. Республика аумағында (облыстар бөлшегінде) болып өткен төтенше жағдайлар бойынша анықталған материалдық залал өсімді қорытындысымен ТЖ -2 түрі бойынша бір тоқсан сайын ұсынылады:

- Ішкі істер министрлігі (өрттер, жарылыстар, жол көліктегі оқиғалар туралы мәліметтер) ;

- Қорғаныс министрлігі (жарылыстар мен жарылғыш заттардың табылуы туралы мәліметтер) ;

- Денсаулық сақтау министрлігі (адамдардың жұқпалы аурулары туралы мәліметтер) ;

- Ауыл шаруашылық министрлігі (малдардың қауіпті ауырулары туралы, өсімдіктердің жойылуы мен эпифитотипі, табиғи өртеністер туралы, гидрокұрылыстардағы авариялар туралы мәліметтер);

- Көлік және коммуникациялар министрлігі (байланыс жүйесіндегі, темір жолындағы, әуе, көлік, су көлігіндегі авариялар және көліктер коммуникациялары элементтерінің құлауы туралы мәліметтер);

- Экономика және сауда министрлігі (халыққа өмірлік қамтамасыз ету және тазалау құрылыстарындағы инженерлік жүйелеріндегі авариялар туралы, адам тұратын, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдениетке тағайындалған ғимараттар және құрылыстардың кенеттен құлауы туралы мәліметтер);

- Экология және биоресурстар министрлігі (экологиялық және радиоактивтік жағдай туралы, атмосфералық ауаның ластануы, жердің, теңіз және өзен суларының беті ластануы туралы мәліметтер);

- гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы (қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстар туралы, қоршаған ортаның ластануы туралы мәліметтер) ;

- Энергетика және табиғат ресурстары министрлігін (өрттер, энергетикалық жүйелердегі жарылыстар, кәсіпорындар мен магистралды құбыр өткізгіштердегі, тұрғындардың өмірін қамтамасыз ету жүйелеріндегі авариялар туралы мәліметтер) ;

- Ғылым министрлігінің - Ғылым академиясы сейсмология институты (жер сілкіністері туралы мәліметтер);

- Атом энергетикасы жөніндегі агентствосы (атом электростанцияларындағы, ғылыми-зерттеу институттарындағы радиоактивтік заттар тастаумен байланысты авариялар туралы, қоршаған ортаның радиоактивтік ластануы туралы мәліметтер) ;

- Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі (өндірісте бақытсыздық жағдайлар және авариялар нәтижесінде зақымданғандар туралы мәліметтер);

- Орталық суда құтқару ұйымы (суда қаза болғандар туралы мәліметтер).

Басқару органдарының жедел қызметтеріне өзара әрекеттестік басқару органдарынан осы басқару органдарының құзыры шегінде, төтенше жағдайлар саласындағы хабар сұрастыруға және алуына құқық беріледі.

9. Телефонмен байланыс каналы бойынша төтенше жағдайлар туралы жедел хабарлар "Бедствие" паролі бойынша, телеграфпен байланыс каналы бойынша - кезектен тыс категориясы бойынша - телеграмма "Шторм" іске асырылады.

10. Телефон және телеграф каналы бойынша төтенше жағдайлар туралы жедел хабар, хабарды жіберуші-ұйымдарға бекітілген іс жүзіндегі категорияларымен және паролдармен іске асырылады.

11. Төтенше жағдайлар туралы жедел емес сипаттағы хабарлар телефон және телеграф байланысы каналымен жалпы негізде іске асырылады.

1 - Қ о с ы м ш а

ТЖ 1-нсаны

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті

Телеграмма ТЖ _____

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕ ХАБАРЛАМА

(дерек, жоюлар)

1. ТЖ ДАТАСЫ - ж.

УАҚЫТ (АЛМАТЫ, ЖЕРГІЛІКТІ)- ____ . ____ алм. ____ . ____ жер.

2. ТЖ АТАУЫ- _____

ТЖ себебі- _____

3. ТЖ ОРНЫ - область _____

аудан _____

мекен жай (қала, ауыл және т.б.) _____

анықтайтын координаты _____

4. ОБЪЕКТІНІҢ АТАУЫ - _____

5. КҮЙЗЕЛГЕНДЕРДІҢ САНЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗА ТАПҚАНДАР (адам)

(жою кезіндегі өсу қорытындысымен)

Жалпы	Қайтарыл.	Санитарлық	Хабар-ошарсыз	Қоныс
шығындар	майтын		жоқ болып	аударды
			к е т к е н	

6. ТЖ СИПАТЫ ЖӘНЕ МАСШТАБЫ - _____

—

(жою кезіндегі өсу қорытындысымен)

Тұрғын қорына залал - _____ тұрғын үйлер.

Мат. залал - _____ (мың теңге)

Материалдық залал шеккен тұрғын (адам) - _____

ІҚМ бас өлді _ _____ қойлар _ _____

7. Х/Ш БАСҚА САЛАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА ӘСЕРІН ТИГІЗУ - _____

- - - - -

8. ТЭ ӨЗ КҮШІМЕН ЖЕҢІП ШЫҒУҒА МҮМКІНДІГІ (ия, жоқ) - _____

ТЖ жоюдың шама мерзімі _____

9. ҚОСЫМША КҮШТЕР МЕН ҚҰРАЛДАР - _____

- - - - -

10. ТЖ ЗАРДАПТАРЫН ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҚЫСҚАША
С И П А Т Ы

11. ТЖ ЗАРДАПТАРЫН ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ ШТАБ БАСТЫҒЫНЫҢ
Т Е Л Е Ф О Н Ы ,
ТЕЛЕКСІ - _____

12. ХАБАРЛАМАҒА ҚОЛ ҚОЙҒАННЫҢ ҚЫЗМЕТІ, ФАМИЛИЯСЫ, АТЫ,
Ә К Е С І Н І Ң
АТЫ, ВЕДОМСТВОНЫҢ АТАУЫ - _____

- - - - -

13. ДАТАСЫ (ДД/АА/ЖЖ) _____, ТҮСКЕН УАҚЫТЫ (СС;ММ)

ТЖ РХТО ОК қабылданды _____

оперативтік кезекші _____

кезекші оператор _____

ТЖ- нысаны

1996 ж. _____ облыстың
аумағында өткен төтенше жағдайлардың сипаты және
оларды жою жөніндегі қолданған шаралар туралы мәліметтер

NN т/н	ТЖ атауы	ТЖ орны	ТЖ пайда болған уақыты	Матер. залал тартқан тұлғын адам	Күйзелген с.і. қаза тапқан, адам
-----------	----------	---------	---------------------------	--	--

1	2	3	4	5	6

Мал басы өлді І Қ М қ о й л а р	Матер. залал мың. теңге	Тұрғын қор шығындары үй-ң саны	ТЖ және оларды жою жөніндегі шаралардың қысқаша сипаты
7	8	9	10

Б А Р Л Ы Ғ Ы:

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюға жұмсалған
қаражаттың кестесі

ТЖ алдын алуға жұмсалған қаражаттар

жергілікті бюджеттен (мың теңге)	мембюджетінен (мың теңге)	кәсіпорындардың меншік қаражатынан (мың теңге)
-------------------------------------	------------------------------	---

1	2	3

ТЖ жоюға жұмсалған қаражаттар

жергілікті бюджеттен (мың теңге)	мембюджетінен (мың теңге)	кәсіпорындардың меншік қаражатынан (мың теңге)	Барлығы
4	5	6	7

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің
1997 жылғы 24 наурыздағы
N 7 Қаулысымен бекітілді
Төтенше жағдайлардың критерийлері
1997 жылдың наурыз айынан бастап енгізіледі

Төтенше жағдайлардың атауы | Жағдайлардың критерийлері <*>

Барлық төтенше жағдайлар үшін | төтенше жағдайдың трансшекаралық таратуының бар болуы немесе нақтылығы; | төтенше жағдайды өз күшімен жоюды | орындауға қабілетсіздік

<*>. Ескерту. Мәліметтер келітірілген төтенше жағдайлар критерийлері көрсеткіштерінің ең болмағанда біреуі белгіленгенде ұсынылады

1. Техногендік сипаттағы жағдайлар:

1.1. Көлік апаттары:

темір жол көлігінде | қаза тапқандардың, жараланғандардың | зақымданғандардың және басқа | күйзелгендердің бір адам және көп | б о л у ы ; | 100 мың теңгеден артық тікелей | материалдық залал; | темір жол көлігіндегі өрттер,

	ж а р ы л ы с т а р ;
	жылжымалы составтың істен шығуы;
	поездар қозғалысын 1 сағаттан артық
	уақытқа тоқтатуға әкеп соқтырған
	полотноның бүлінуі;
автокөлік жолдарында	қаза тапқандардың, жараланғандардың,
	зақымданғандардың және басқа
	күйзелгендердің бір адам және көп
	б о л у ы ;
	көлік жолдарындағы өрттер, жарылыстар;
әуе апаттары және қақтығыстар	жердегі және ауадағы әуе кемелерімен
	қ а қ т ы ғ ы с т а р ;
	ұшу алаңындағы және әуе портындағы
	өрттер, жарылыстар;
	қаза тапқандардың, жараланғандардың,
	зақымданғандардың және басқа
	күйзелгендердің бір адам және көп
	б о л у ы ;
	100 мың теңгеден артық тікелей
	материалдық залал;
су көлігінде	өрттер, жарылыстар, батып кету;
	қаза тапқандардың, жараланғандардың,
	зақымданғандардың және басқа
	күйзелгендердің бір адам және көп
	б о л у ы ;
	100 мың теңгеден артық тікелей
	материалдық залал;
магистральды құбырларда	магистральды құбырлардағы бүлінулер,
	ү з і л і с т е р ;
	өрттер, жарылыстар;
	қаза тапқандардың, жаралғандардың,
	зақымданғандардың және басқа
	күйзелгендердің бір адам және көп
	б о л у ы ;
	100 мың теңгеден артық тікелей
	материалдық залал;
1.2. Өндірістік апаттар мен	
о қ и ғ а л а р :	
шахтадағы апаттар	құлаулар, үйінділер;

өндіріс объектісіндегі апаттар	қаза тапқандардың, жараланғандардың, зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал; 1 тоннадан артық мұнай мен мұнай өнімдерінің тасталуы; өндірістік ғимараттар мен құрылыстардың кенеттен құлауы;
қауіпсіздік техникасының бұзылуы	қаза тапқандардың, жараланғандардың, зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал; өндірістегі жарақаттар; қаза тапқандардың, жараланғандардың, зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
1.3. Өрттер, жарылыстар, от және газдың кенеттен тасталуы : өндіріс объектілерінде энергетикалық жүйелерде және энергия блоктарында (ГЭС, ГРЭС, ТЭЦ).	от және газдың кенеттен тасталуы ; фондық мәнін немесе шекті мүмкіндік концентрацияларын (ШМК), шекті мүмкіндік деңгейін (ШМД) елеулі арттыратын қоршаған ортаның ластануы; қаза тапқандардың, жараланғандардың, зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал; электроэнергияның беруіне әсер ететін кез келген жағдайлар; қаза тапқандардың, жараланғандардың,

		зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
шахталарда, жер асты және кен өндірулерде		қаза тапқандардың, жараланғандардың, зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
тұрғын, әлеуметтік-тұрмыстық ғимараттарда, өкімет органдарында және т.б.		қаза тапқандардың, жараланғандардың, зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
ауыл шаруашылығы объектілерінде		қаза тапқандардың, жараланғандардың, зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
көшелерде және басқа да көпшілік орындарында		қаза тапқандардың, жараланғандардың, зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
жарылғыш құралдарды залалсыздандыру	кезіндегі	жарылыстың кез келген жағдайлары;
ж а р ы л ы с т а р		
жарылғыш заттарды немесе жарылғыш құрылғыларды табу (жоғалту)		жарылғыш заттардың немесе жарылғыш құрылғылардың табылуының немесе жоғалуының кез келген жағдайлары;
1.4.	Тастамамен ететін	қатты әсер улы заттардың

	(Қ Ә Е У З)	а п а т т а р ы	
катты әсер ететін улы заттарды тастауымен автокөлік апаттары ҚӘЕУЗ тастаумен темір жол апаттары			халықтың зақымдану қаупі; ҚӘЕУЗ тастауымен немесе ҚӘЕУЗ тарауымен болған апаттарды тіркеудің кез келген жағдайлары; ҚӘЕУЗ тастауымен немесе ҚӘЕУЗ тарауымен болған апаттар тіркеудің кез келген жағдайлары;
ҚӘЕУЗ тастаумен жердегі авиапаттар мен қақтығыстар			ҚӘЕУЗ тастауымен немесе ҚӘЕУЗ тарауымен болған апаттар тіркеудің кез келген жағдайлары;
ҚӘЕУЗ тастаумен су көлігіндегі апаттар			ҚӘЕУЗ тастауымен немесе ҚӘЕУЗ тарауымен болған апаттарды тіркеудің кез келген жағдайлары;
химиялық қауіпті объектілердегі апаттар			ҚӘЕУЗ тастауымен немесе ҚӘЕУЗ тарауымен болған апаттарды тіркеудің кез келген жағдайлары;
ҚӘЕУЗ көздерінің табылуы (жоғалуы)			ҚӘЕУЗ көздерінің жоғалуының немесе табылуының кез келген жағдайлары;
(БҚЗ) биологиялық қауіпті заттарды тастаумен а п а т т а р ы		автомобиль	БҚЗ тастауымен тіркелген апаттардың кез келген жағдайлары;
БҚЗ тастаумен темір жол апаттары			БҚЗ тастауымен тіркелген аппараттардың кез келген жағдайлары;
БҚЗ тастаумен жердегі авиапаттары және қақтығыстар			БҚЗ тастауымен тіркелген аппараттардың кез келген жағдайлары;
БҚЗ тастаумен су көлігіндегі апаттар			БҚЗ тастауымен тіркелген аппараттардың кез келген жағдайлары;
БҚЗ тастаумен кәсіпорындарда, ғылыми-зерттеу институтындағы апаттар			1 және 2 топты патогендік, 1 және 2 сыныптағы қауіпті химиялық заттармен, мал мен өсімдіктердің аса қауіпті жұқпалы қоздырушылармен жұғатын жұқпалы аурулары;
БҚЗ көздерінің табылуы			БҚЗ жоғалуы немесе табылуының кез

(жоғалуы)	келген жағдайлары;
1.5. Радиоактивті заттар тастаумен апаттар	радиоактивті заттарды тасталуының кез келген жағдайлары;
атым электростанцияларында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде	100 ШМД және одан көп санитарлық-қорғау аумағынан тыс қоршаған ортаның радиоактивті ластануы; осы АЭС (қондырғы) үшін тәуліктік тастауды мүмкіндігінен 10 есе артық радиоактивті тастаулар; олардың трансшекаралық таралуына әкеп соғатын радиоактивтік заттардың шығуымен кез келген апаттар; мемлекеттік шекарасының 30 км шегіндегі радиацияның жоғары деңгейінің тіркелуінің кез келген жағдайлары;
радиоактивтік заттардың табылуы (жоғалуы)	радиоактивтік заттардың табылуының (жоғалуының) кез келген жағдайлары
1.6. Өмірлік қамтамасыз ету құлаулар	жүйесіндегі апаттар мен
бөгеттердің үзілуі (дамбалар, шлюздер және т.б.)	шаруашылықтың басқа салаларының қызметіне әсерін тигізу; қаза тапқандардың, жараланғандардың, зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп болуы;
	100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
электроэнергетикалық жүйелерде	электроэнергияны беруге әсер ететін кез келген жағдайлар; шаруашылықтың басқа салаларының қызметіне әсерін тигізу; қаза тапқандардың, жараланғандардың, зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп болуы;

өмірлік қамтамасыз етуін коммуналдық жүйелерінде	100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал; шаруашылықтың басқа салаларының қызметіне әсерін тигізу; қаза тапқандардың, жараланғандардың зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ;
ағын сулардың тазалағыш құрылыстарында	100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал; шаруашылықтың басқа салаларының қызметіне әсерін тигізу; қаза тапқандардың, жараланғандардың зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ;
көлік коммуникациялары элементтерінің (көпір, тоннель және басқа да құрылыстардың) кенеттен құлауы	100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал; шаруашылықтың басқа салаларының қызметіне әсерін тигізу; қаза тапқандардың, жараланғандардың зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ;
тұрғын үй, әлеуметтік-тұрмыс және мәдени құрылыстардың кенеттен құлауы	100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал; қаза тапқандардың, жараланғандардың зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ;
1.7. Табиғи ортаның аса жоғары ластануы	материалдық залал; ауадағы зиянды қоспалардың ШМК 50 мен одан да көп рет; 8 сағат ішінде - 30-49 рет; 2 тәулік ішінде 20-29 рет; қышқыл жауын-шашындардың кең

теңіз (өзен) сулары бетінің | аумағының құрылуы;
ластануы | үстіңгі, жер астындағы және теңіз
| суларының ластандыру заттарының,
| егер осы акваториялар созылмалы
| барынша бір реттік ШМК 100 және
| одан да көп рет;
| 4 балдан аса судың және суға тән
| бұрын болмаған иістің пайда болуы;
| ерітілген кислород мөлшерінің
| азаюы, сондай-ақ балықтардың және
| басқа су организмдерінің өлуіне
| әкеп соққан токсикалық заттардың
| т ү с у і ;
| ерітілген кислород құрамының
| 2 мг/л және одан да төмен азаюы;
| суат көлемінің, 6 кв. км көлемімен
| 1/3 және одан да аса қабыршықпен
| ж а б ы л у ы ;
| ШМК (ШМД) үстін ауыр металдардың
| (сонымен қатар радиоактивті) және
| басқа зиянды заттардың болуы;
жердің ластануы | ШМК (ШМД) ауыр металл (сонымен қатар
| радиоактивті) және басқа зиянды
| заттардың болуы;
| ШМК (ШМД) химиялық қауіпті және
| экологиялық зиянды заттардың 50 есе
| көп немесе радиоактивті заттардың
| 1070 және одан да көптігі;
| жер мен жер қойнауының өндірістік
| токсиканттармен 50 ШМК немесе
| фондық жағдайда 100 рет көп
| л а с т а н у ы ;
| жердің санитарлық-токсикологиялық
| белгісі бойынша 50 ШМК пестицидтарымен
| немесе ШМК фитотоксикологиялық
| белгісі бойынша 100 га аса көлемде
| ластануы

2. Табиғи сипаттағы жағдайлар:

2.1. Жер сілкіністері	2 және одан да жоғары баллдар
2.2. Геологиялық қауіпті құбылыстар	
тасқындар, опырылып құлау, жер қабаттардың құйылуы	шаруашылықтың басқа салаларының қызметіне әсерін тигізу; қаза болғандардың, жараланғандардың зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
2.3. Метеорологиялық	қаза болғандардың, жараланғандардың зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
қатты жел (с.і. құйындар мен дауылдар)	30 м/с және одан да көбірек желдің жылдамдығы
ірі бұршақ	бұршақтардың диаметрі 20 мм және одан да көбірек;
қатты жаңбыр (нөсер)	12 сағат ішінде жауын-шашынның мөлшері 50 мм және азды-көпті, ал таулы, селді, және нөсер қаупі бар аудандарда - 12 сағатта 30 мм және а з д ы - к ө п т і ;
күшті қар жауу	12 сағат ішінде жауын-шашынның мөлшері 20 мм және азды-көпті;
күшті қарлы боран (қар басып қалу)	желдің жылдамдығы 15 м/с және одан көбірек кезде, ұзақтылығы 12 сағат және одан да көбірек;
күшті көк тайғақ	сымдардағы қабаттану диаметрі 20 мм және одан да көбірек;
қатты аяз, қатты аптап	аумақтық органдармен белгіленеді;
қатқақтар	вегетативтік кезеңде ауа температурасының төмендеуі 0 С төмен;

	ауыл шаруашылық мәдени белсенді вегетациялану кезеңінде, олардың жойылуына әкеп соғатын (көктем- жаздың басы) мерзімі және (жаз-күздің басы) экстремальды-ерте м е р з і м д е р ;
кұрғақшылық	өсімдіктердің зақымдануына әкеп соғатын, 20 күн және одан да көп мерзім ішінде 35 мм ылғалдың жер бетінің бір метр қабатындағы 30% кұрғақшылықтың сақталуы;
күшті тұман	12 сағат және одан көбірек уақыт ішінде 100 м және одан да азырақ к ө р і н у ;
күшті шаңды (құмды) дауылдар	желдің жылдамдығы 15 м/с және одан көбірек кезде ұзақтылығы 12 сағат және одан да көбірек;
аңызак	гүлдеу, суғару және дақылдың өну кезіндегі ауа орташа температурасы 5 күн бойы 25 С-тан көп 5 м/с-ден жел кезінде және ауаның ылғалдылығы 30% -тен аз болса;
2.4. Гидрологиялық қауіпті құбылыстар	қаза болғандардың, жараланғандардың зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
қатты су тасығанда, жаңбырлы тасқындар, бөгеліп қалуда және сеңнің тоқтауында, ж е л н а г о н д а р ы н д а	нақты тұрғын мекендер мен шаруашылық объектілер үшін аса қауіпті (жоғары) деңгейден асуы
судың төменгі деңгейі	бір ай және одан да көбірек мерзім ішінде ірі қалалардағы суды қоршау құрылыстарын, өнеркәсіп аудандары және суландыру жүйелерінің, кеме жүзетін өзендердің навигациялық деңгейлеріндегі жобадағы

селдер	белгілерден төмен; тұрғын мекендерге, шаруашылық кешен объектілеріне жылжыған жағдайда; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
көшкіндер	талқандалу аумағында қалған тұрғын мекендер, шаруашылық кешен объектілеріне қар көшкіндерінің т ү с у і ; қаза болғандардың, жараланғандардың зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
2.5. Табиғи өрттер:	
орман өрттері	ірі, 50 га алаңдағы бақылаусыз ө р т т е р ; қаза болғандардың, жараланғандардың зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
дала алабындағы өрттер	20 га және одан көбірек алаңдағы бақылаусыз өрттер; қаза болғандардың, жараланғандардың зақымданғандардың және басқа күйзелгендердің бір адам және көп б о л у ы ; 100 мың теңгеден артық тікелей материалдық залал;
нан алабындағы өрттер	100 бас және одан да көбірек малдың өлуі; 300 т және одан да көбірек шөптің ө р т е н у і ; 20 га және одан да көбірек алаңда бақылаусыз өрттер; қаза болғандардың, жараланғандардың

|зақымданғандардың және басқа
|күйзелгендердің бір адам және көп
| б о л у ы ;
|100 мың теңгеден артық тікелей
|материалдық залал;
мұнай және газ-конденсаттық |өрттің кез келген жағдайлары;
к е н о р ы н д а р ы н д а |

жанғыш пайдалы қазбаның жер |кез келген жер асты орындарында
астында өртенуі |тұтануы.

2.6. Жұқпалы аурулар мен |
у л а н у л а р : |

жұқпалы аурулар |аса қауіпті жұқпалы карантин
|аурулар - чума, тырысқақ, сары
|безгек және т.б. аурулармен
|ауырғандарды немесе жұқтырушыны
| т а п қ а н д а ;
|аса қауіпті жұқпалы - бруцеллез,
|бөртпе сүзек, түйнеме, құтыру,
|туляремия, крымдық геморогиялық
|безгек, Эбол безгегі және басқа
|жұқпалы аурулар диагнозымен немесе
|ауру екендігі күмән болған әр
|өліммен аяқталған кезде;
|құтыру, жапон энцефалиті, малярия
|ауруларының анықталған әр
| ж а ғ д а й ы ;
|аса қауіпті жұқпалы ауруларда;
|аудан аумағында бір кезде немесе
|бір инкубаторлық дәуірде - түйнеме,
|бруцеллез, туляремия, эпидемиялық
|бөртпе сүзекпен 5 және одан да
|көбірек адам ауырғанда;
|бір кезде немесе бір инкубациялық
|дәуірде пайда болған 10 және одан
|көбірек адам ауырғандар санымен
|іш сүзек, паратиф, геморогиялық
|безгек, лептоспироз, кене

	энцифалитет, Ку безгегі және басқа
	риккетсиоздар;
	15 адам және одан көбірек ауырғандар
	санымен менингококковалық инфляция;
	25 адам және одан көбірек ауырғандар
	санымен дизентерия, сальмонеллез,
	вирустық гепатит және басқа
	этиологияның белгіленген және
	белгіленбеген қатты ішек аурулары;
	бір мезгілде пайда болған 20
	адам және одан көбірек ауырғандар
	санымен анықталмаған этиологиямен
	ауырғанда, 15 адам және одан
	көбірек ауырған санымен безгек
	ауруларымен белгіленбеген диагнозбен;
	50 адам және одан көбірек ауырғандар
	санымен олардың этиологиясына
	байланыссыз топты ауруларда;
сәулемен зақымдану	қатты немесе асқынған сәуле
	ауруларының, жергілікті сәулемен
	зақымдану диагнозын белгілеген
	әр жағдайда;
тамақтан улану	өнеркәсіп, тамақ кәсіпорнымен,
	көпшілік тамақтандыру және балалар
	мен емдеу-профилактикалық тамақ
	блоктарымен байланысты,
	өнеркәсіп саласының күйзелгендердің
	санына қарамастан, тамақтан
	уланған жағдайларда.
2.7. Малдардың аурулары	жаппай қырылуы (ауыруы), соның
және өлімі	ішінде жабайы, орта статистиканы
	3 есе және одан жоғары шектен
	шыққанда.
2.8. Өсімдіктердің аурулары	
және өлімі	
(ауыл шаруашылық	0,25 га алаңда өсімдіктердің,
өсімдіктерінің аса қауіпті	сонымен қатар орман және ауыл
немесе жаппай ауыруы;	шаруашылық және ауыл шаруашылық
жабайы өсімдіктердің;	өсімдіктерінің өлуі (күйіп қалуы,

аса қауіпті немесе |солуы, және басқа белгілері);
жаппай өлуі) |жаппай жыртқыштардың тарауы;

2.9. Суға батқандар |батқандардың саны бір және одан
|көбірек болғанда.

3. Астрономиялық қауіпті құбылыстар:

3.1. Аспан денелерінің |аспан денелерінің кез келген
құлауы |құлаулары;

3.2. Ғарыш ұшу аппараттарының|олардың құлауын тіркеудің кез
және олардың |келген жағдайлары;
сынақтарының құлауы

3.3. Жер маңындағы әуе |5x10 см алаңдағы протон мен
кеңістігіндегі |энергия потогінің 25 мэв артық
радиациялық жағдайдың |тығыздығы
нашарлауы

3.4. Аномальдық атмосфералық |аномальдық атмосфералық
құбылыстардың пайда |құбылыстардың тіркелуінің кез
болуы |келген жағдайлары